


Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.2.2. Көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау. 2.1.1.5. 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау, жұп/тақ сандарды ажырату/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету.
Сабақтың мақсаты	- Көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіндіреді; - Көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтайды; 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санайды, жұп/тақ сандарды ажыратады/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсетеді.
Тәрбие құндылықтары	Құндылық: заң және тәртіп: Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық Өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «Әртүрлі амандасу» ойыны арқылы өтеді. Өткен сабаққа шолу, жаңа сабаққа кіріспе: А) Үй тапсырмасын тексеру. Ә) «Керме жіп» әдісі: -Парақшалардағы өткен тақырыптарға қатысты тапсырмаларды орындап, жасырын сөзді анықтандар. -Бірдей қосылғыштарды көбейтіндімен алмастырып жазыңдар. $3+3+3+3+3+3$ $8+8+8+8$ $4+4+4+4$ $7+7+7+7+7$ тсс -Көбейтіндіні қосындымен алмастырып мәнін табыңдар. $4*5$ $6*4$ $3*8$ тсс -Жарайсыңдар, қандай сөздер шықты? -Олай болса, бүгінгі сабақ тақырыбы: «Көбейту мен бөлу – өзара кері амалдар». Оқу мақсаты жарияланады.	Әртүрлі амандасады. Тапсырма тексертеді. Тапсырма орындайды Сұрақтарға жауап береді. Тақырыпты анықтайды.	«Бас бармақ» әдісі. Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау.	Керме жіп, қысқыш-тар, тапсырма жазылған кеспе әріптер КӨБЕЙТУ, БӨЛУ
Сабақтың ортасы 15 минут	(Ү) 1- тапсырмада «Ауызша жаттығу» жүзеге асады. 1. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.  а) • Әр қатарда 4 шаршыдан болса, онда 3 қатарда неше шаршы бар? • Әр бағанда 3 шаршыдан болса, онда 4 бағанда неше шаршы бар? Осы суреттер бойынша 2 көбейтінді жаз және олардың мәнін тап. Теңдіктерді оқы. Көбейткіштерді және көбейтіндінің мәндерін салыстыр. Не байқадың? Қорытынды жаса. $4*3=12$ $3*4=12$ ә) • 12 санында төрт-төрттен неше рет бар? • 12 санында үш-үштен неше рет бар? Бөлінділерді жаз және мәндерін тап. Теңдіктерді оқы. Бөлінгішті, бөлгішті, бөліндінің мәнін ата. $12:4=3$ $12:4-4-4=0$ $12:3=4$ $12:3-3-3-3=0$	Тапсырма орындайды	Дескриптор: Сурет бойынша сұраққа жауап береді - 1балл. 3 қатардағы шаршы санын анықтайды, жазады -1балл. 4 бағандағы шаршы санын анықтайды, жазады-1балл. Көбейткіштерді, көбейтіндінің мәндерін салыстырады, қорытынды жасайды - 1балл. Теңдіктерді зерттеп, қорытынды жасайды - 1балл. Әр теңдікпен байланысты теңдік	Матема-тика 2-сынып 2-бөлім 28-29-бет

2 минут 18 минут	Көбейту мен бөлу – өзара кері амалдар. 2. а) Теңдіктерді зертте. Қорытынды жаса. $4 \cdot 3 = 12$ және $3 \cdot 4 = 12 \rightarrow 12 : 3 = 4$ және $12 : 4 = 3$ Көбейту мен бөлуге берілген теңдіктердің өзара байланысын түсіндір. Ә) әр теңдікпен байланысты теңдік жаз $16:8=2$ $3 \cdot 6=18$ $32:4=8$ $5 \cdot 3=15$ $10:5=2$ $7 \cdot 4=28$ $20:4=5$ $8 \cdot 2=16$ Сергіту сәтінде нейрожаттығулар. (Т, Ж) 2- тапсырма «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі. 3) $3+3+3+3=3 \cdot 4=12$ 4. Дөңгелектерді пайдаланып, бөлуді орында. $9 : 3 = 3$ $16 : 4 = 4$ $18 : 6 = 3$ Кел, ойнайық! 6. Суретке қара. Сағат тілінің бағытымен 1 санынан бастап екі-екіден қоса отырып, дөңгелек бойымен екі айналым жаса. Мысалы: $1 + 2 = 3$, $3 + 2 = 5$, Осы сандарға сәйкес әріптерден балалар ойынының атауын құрастырып көр. Ж: Ақсерек, көксерек. Көбейту (·) және бөлу (:) таңбаларын неміс математигі Готфрид Вильгельм Лейбниц енгізген. Саралау тәсілі «Тапсырма» арқылы жүзеге асады. Кейбір оқушыға: -Осындай тапсырма құрастырып көр.	Жаттығу жасайды. Тапсырма орындайды	жазады -2балл. Қосынды жазып көбейтумен алмастырады -1балл. Бөлуді орындайды-1балл. Қосындыларды есептеп, ойын атын анықтайды-1балл.	
Сабақтың соңы 3 минут	Кері байланыс «Жетістік баспалдағы» әдісі бойынша өтеді. Үй тапсырмасы: 29-бет №5.	Өз ойын айтады.		